

Аягөз аудандық мәслихатының 2016 жылғы 2 наурыздағы № 46/339-V " Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 қарашадағы № 41/282-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 қарашада № 6318 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 49/407-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 02.07.2020 № 49/407-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңның 50-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Аягөз ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аягөз аудандық мәслихатының 2016 жылғы 2 наурыздағы № 46/339-V " Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 4458 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 15 сәуірінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешім қосымшасының 2 және 3 тармақтары келесі редакцияда жазылсын:

"2. Митингілер және жиналыстар өткізілетін орын: Аягөз қаласы: Ә. Тәңірбергенов көшесіндегі "Ардагерлер" саябағы, Р. Қошқарбаев көшесіндегі "Аман" мәдениет және демалыс саябағы.

3. Шерулер мен демонстрациялар мына маршрут бойынша өтеді: Аягөз қаласы: Абай бульвары – Б. Момышұлы көшесінің қиылысынан, Абай бульвары бойымен Ә. Тәңірбергенов көшесіндегі қиылысқа дейін жоғары қарай қозғалу, Ә. Тәңірбергенов көшесінің бойымен Абай бульвары қиылысына дейін қозғалу, Абай бульвары бойымен аудандық мәдениет үйінің орталық кіре берісіне дейін төмен қарай қозғалу (Абай бульвары, 14).".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аягөз аудандық мәслихатының хатшысы

Ш. Омаров

С. Искаков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК